

Тереңкөл ауылының көшелерін қайта атау туралы

Павлодар облысы Качир ауданы Тереңкөл ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 29 маусымдағы № 51 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 06 тамызда № 4648 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабы 4-тармағына, халықтың пікірін ескеріп, облыстық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде ШЕШІМ қабылдаймын:

Тереңкөл ауылының Целинная көшесі Құдайберген Мағзұмұлы Сұрағановтың есіміне, Тереңкөл ауылының Лазо көшесі Мәншүк Мәметованың есіміне, Тереңкөл ауылының Комсомольская көшесі Михаил Максимович Катаевтың есіміне, Тереңкөл ауылының зерноградская көшесі Бауыржан Момышұлының есіміне, Тереңкөл ауылының 40-годовщина Октября Әлия Молдағұлованың есіміне, Тереңкөл ауылының Степная көшесі Қабдылмәжит Шаймарданұлы Тәліповтің есіміне қайта аталсын.

Осы шешім алғаш ресми жерияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Тереңкөл ауылдық округінің әкімі

Қ. Әбсәлямов